

«Павлодар қаласы №37 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

«Абзал жүрек» кеңесінің отырыс хаттамасы

ХАТТАМА №2

Павлодар қ.

11.11.2021ж.

Отырысқа қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Бекбаева Л.Т. *Бекбаева*
Исағалиева Ұ.С. – ТЖДО *Исағалиева*
Абылай К. – әлеуметтік педагог

Комиссия мүшелері: Ата-аналар – 11 адам

Күн тәртібінде:

1. Тоқсанның қорытындылары туралы ақпарат;
2. «Мектепке жол» акциясының нәтижелері. Мектеп қаражатының жұмсалуды туралы;
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жағдайы. Мектеп асханасының жұмысы;
4. Білім алушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін талқылау;
5. Қазақстан Республикасы Президентінің және облыс, қала әкімдерінің атынан Жаңа жылдық шыршаларға қатысушы балалардың тізімін бекіту;
6. Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Сөз сөйлегендер:

1. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Исағалиева Ұ.С.:

Қазақстан Республикасы Президентінің және облыс, қала әкімдерінің атынан Жаңа жылдық шыршаларға қатысушы балалардың тізімі бекітіледі. Оған жыл сайынғы бала тізімі өзгеріп отырады. өткен жылғы шыршаға қатысқан бала биыл қатыса алмайды. Шыршаға оқуда үздік, спорттан облыстық, республика көлемінде және халықаралық жетістіктері бар балалар немесе жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан балалар қатыса алады.

Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесуіміз керек. І тоқсанның қорытындыларын айтып өтті және білім алушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

2. Әлеуметтік педагог: Абылай К.:

Биылғы оқу жылында тегін тамақтанатын оқушылардың құжаттары жаңартылып, тізім бекітілді. Бүгінгі күні мектеп асханасында 69 бала бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде аз қамтылғандар саны – 13, көп балалылар –16, АСП алатындар саны – 33, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны – 2, арендетор есебінен 5 бала тамақтанады. Оның 4-і күнкөріс деңгейі төмен, құжат жинай алмағандар және 1-і тубвиражды бала. Жаппай оқу қорынан 69 баланың түгелі толық мектеп оқу құралдарымен, мектеп және спорттық формаларымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар қысқы аяқ киімдер, қысқы күртешермен толықтай қамтылды.

3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Жакупова Арай Төлейбергеновна: алдағы болатын мерекелерге атсалысамыз. Жалпы, мектебіміздің атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, күнкөріс деңгейі төмен отбасыларынан шыққан оқушылардың бәріне көмек көрсетуге дайынбыз. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған екі оқушыларды да үнемі бақылауда ұстайтын боламыз.

Шешім: Комиссия мүшелері барлық сұрақтарды талқылай келіп, мектептің атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, күнкөріс деңгейі төмен отбасыларынан шыққан оқушылардың бәрін бақылауда ұстап, қадағалап дер кезінде көмек көрсету керек деп шешті.

ҚК төрағасы:
ҚК хатшысы:

Бекбаева Л
А

Бекбаева Людмила Тлегеновна
Абылай Катия